

*Смагулова Б.М.**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2-курс магистранты***XIX-XX ғғ. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ИДЕОЛОГИЯ***Аңдатпа*

XIX ғасырдың соңғы ширегінде әлемдік империализмнің шарықтау шегіне жетуі оның көп ұзамай дағдарысқа ұрынатынын анық көрсетті. Бұған сол уақытта әлем елдерінде орын алған мәдени, әлеуметтік процестердің даму жолы дәлел бола алады. Адам мен қоғам санасының өсуі, гуманистік ой-пікірлер мен мәдениеттің және осыған негізделген идеялардың пайда болуы мен дамуы көптеген халықтар мен ұлттардың саяси тағдырына ықпал етті. Мәдениеті мен діні, тілі мен ділі, руханияты мен болмысы ұқсас болған халықтардың көзқарасы мен идеяларының бір арнаға үндесуі олардың арасындағы саяси және әлеуметтік интеграция мен өзара бірліктің дамуының басты кепіліне айналды. Солардың бірі – руханияты мен мәдениеті бір саналған түркі халықтарының бірлігі идеясы болды. Мақалада, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында түркі халықтарының әлеуметтік-мәдени бірлігі мен соның негізінде пайда болған түркілік идеясының қалыптасу тарихы зерттеледі. Мақалада, дүниежүзілік тарихнамада «Пантүркизм», деген атқа ие болған идеологиялық ағымның бастамасы болып табылатын мәдени және әлеуметтік процестердің тарихы қарастырылады.

Кілт сөздер: Пантүркизм, Осман империясы, Түркілік мәдениет, Түркістан, Түркі бірлігі.

*Smagulova B.M.**2nd year master student Kazakh National University named after al-Farabi***SPIRITUAL AND CULTURAL UNITY OF TURKIC PEOPLES AND TURKIC IDEOLOGY IN XIX-XX cc.***Abstract*

The culmination of the era of world imperialism in the last quarter of the 19th century clearly showed that it would soon find itself in crisis. This is evidenced by the development of cultural and social processes taking place at that time in the world. The growth of human and social consciousness, the emergence and development of humanistic thought and culture, as well as ideas based on it, influenced the political fate of many peoples and nations. The convergence of the views and ideas of peoples with a single culture and religion, languages and mentality, spirituality and nature has become the main guarantee of political and social integration and the development of mutual unity between them. One of them was the idea of the unity of the Turkic peoples, spirituality and culture that were one. The article examines the history of the socio-cultural unity of the Turkic peoples in the late XIX - early XX centuries and the formation of the Turkic ideology. The article examines the history of cultural and social processes that laid the foundation for the ideology called "Pan-Turkism" in world historiography.

Key words: Pan-Turkism, Ottoman Empire, Turkic culture, Turkestan, Turkic unity.

*Смагулова Б.М.**Магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби***ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ЕДИНСТВО ТЮРКСКИХ НАРОДОВ И ТЮРКСКАЯ ИДЕОЛОГИЯ В XIX-XX вв.***Аннотация*

Кульминация эпохи мирового империализма в последней четверти XIX века ясно показала, что он скоро окажется в кризисе. Об этом свидетельствует развитие культурных и социальных процессов, происходивших в то время в мире. Рост человеческого и общественного сознания, появление и развитие гуманистической мысли и культуры, а также идей, основанных на ней, повлияли на политическую судьбу многих народов и наций. Сближение взглядов и идей народов с единой культурой и религией, языками и менталитетом, духовностью и природой стало главной гарантией политической и социальной интеграции и развития взаимного единства между ними. Одной из них была идея единства тюркских народов, духовность и культура которые были едиными. В статье исследуется история социально-культурного единства тюркских народов в конце XIX - начале XX веков и

становления тюркской идеологии. В статье рассматривается история культурных и социальных процессов, положившая начало идеологии под названием «Пантюркизм» в мировой историографии.

Ключевые слова: Пантюркизм, Османская империя, Тюркская культура, Туркестан, Тюркское единство.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлем халықтары арасында бұрын отар саналған халықтар арасында өзіндік мәдени-әлеуметтік, саяси ынтымақтастық пен өзара бірігу процестері жүрді. Олардың ең негізгілері славян халықтары, түркі халықтары, арабтар тағы басқа да халықтар болды. Басты факторлар: сананың оянуы, өзара ықпалдастық, діни және рухани байланыстар және т.б. болды. Атап айтқанда, XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясының құрамында болған славян халықтары тәуелсіздікке ұмтылып, олар Панславизм идеологиясының аясында бірікті және оның басты ұйымдастырушысы Ресей империясы болды. Дәл сол сияқты, Ресей империясының құрамында және Шығыс Түркістанда өмір сүрген түркі-мұсылман халықтары арасында да түркілік идеялар пайда болды, ол исламдық және түркілік бірлікке негізделіп, бұған Осман империясы дем берді. Осман империясы Орта Азия, Кавказ, Шығыс Түркістандағы түркі халықтарымен түркі-мұсылмандық негізде байланыс жасап, соның арқасында осы аймақтағы түркі халықтары арасында өзара ынтымақтастық орын алды. Түркі халықтарының ата-қонысы саналған Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарының арасында Түркияға деген ерекше сезім пайда бола бастады. Керісінше Түркияда да осындай жағдайлар орын алды.

Түбі бір түркілікті сезініп, сол бойынша рухани-мәдени байланыстарды өрбіткен түркі халықтарының арасында аса тығыз қарым-қатынастар орнады. Бұл факторлар халықаралық қатынастарда Пантүркизм, Панисламизм деген атауларды иеленді. Мұның барлығы руханияты мен мәдениеті бір саналған түркі халықтарының өзара ынтымақтастықты сипаттап, сол сияқты олардың саяси бірлігін де суреттеді. Мұндай процестерді қазіргі уақытта ғылымда түркілік, Пантүркизм немесе түрікшілдік деген ұғымдармен де сипаттап жүр. Мақалада бұл терминдер осы сипатта қолданылады. Аталған терминдер түркі халықтарының мәдени бірлігін сипаттап, сонымен бірге Осман империясының халқының түрік атануына қатысты ең негізгі идеологиялық құрал болды.

XIX-XX ғасырларда түркі халықтары арасында түрікшілдік қозғалысы кең тарады. Түрікшілдік – бұл түркі тілдес халықтардың барлығын ұлты мен мемлекетіне қарамастан бір тудың астына біріктіру идеясына негізделген идеология болып, оның түпкі мақсаты – түркі халықтарының басын қосып, үлкен саяси-идеологиялық күшке айналдыру болды. Әу баста рухани-мәдени және әлеуметтік-саяси тамырластығы жақын болған түркі халықтарының ұлттық ояну процесінің тереңдеуі осындай біріктіруші идеяның пайда болуына алып келді. Түркі халықтарының санасының сергуі сан түрлі пікірлер мен идеялардың пайда болуына әсер етіп, оның ең негізгілерінің бірі осы түркілік идеясы болды. Басқа бір қырынан алғанда бұл факторлар әрине ғасырлар тоғысында халықтар арасында пайда болған өзара саяси жақындасудың бір құралы болғанмен, ол ұмыт болған мәдениет пен рухани жақындықты қайта тірілтуші фактор болып саналды. Бұл туралы ғалымдар әр түрлі пікірлер білдіріп, ол түркілік идеологиясына қатысты көптеген пікірлер айтылды. Бұл туралы Чарльз У. Хостлер бұл қозғалысты «барлық түркітілдес халықтардың саяси және мәдени бірлігіне ұмтылатын қозғалыс» деп атаған болатын [1, 36 р.].

Түркілік идеологияның пайда болуы мен оның даму жолы – ол түркі халықтарының этникалық шығу тегі мен тілінің бірлігін, туыстығы мен бауырластығын, мәдениетінің жақындығын танудан туындайтын және болашақта осы халықтардың бірлігі мен ынтымақтастығын насихаттайтын және олардың дамуы жолында алға жылжуына ықпал ететін идеялар жүйесін сипаттайды. XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап түркі бірлігінің идеологиясы философиялық тұрғыдан да өзінің идеологиялық-тұжырымдамалық орнын көрсетті. Мұның өзі халықтың санасына сіндіріліп, ол түрікшілдіктің дамуын жүзеге асырудың басқа да бағыттарының бар екенін көрсетті.

Осы тұста ғылымда мәдени-қоғамдық байланыстардан туындаған «Пантүркизм» мен «түрікшілдік» идеяларының қызметі, уақыты мен тарихы туралы біраз концептуалды тартыстардың да орын алып жататынын ескерген жөн. Ресейлік және кеңестік ғалымдар Пантүркизм идеясын: «Осман империясының Пантүркизм мен Панисламизм идеяларының арқасында түркі-мұсылман халықтарын Түркияның айналасына біріктіруге бағытталған халықтар арасындағы ұлтшыл-буржуазиялық идеология» деп санайды. Оның басты бағыттарын Осман империясында әуелі, яғни XIX ғ. екінші жартысынан бастап пайда болған Панисламизм идеясының, кейіннен Пантүркизм идеясының пайда болуымен және оны бүкіл түркі халықтарына таратумен түсіндіреді. Демек, біріншісінде Исламға негізделген рухани мәдениет басшылыққа алынса, екіншіден тілдік бағыт негізге алынады. Осы тұста, Пантүркизм идеясының тілдік, мәдени негізінің жоғары болғанын атап өткен орынды [2, 52-53 с.].

Ал Түрікшілдік идеясы – Қазақстан мен Орта Азия және Түркиядан шыққан түркі халықтарының саяси және қоғам қайраткерлерінің XIX-XX ғасырлардың тоғысында орын алған саяси-мәдени дағдарыстардың алдын-алу мақсатында күш біріктіруге бағытталған идеясы ретінде жазылып жүр. Мұнда түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен руханияты, салт-дәстүрі мен тарихи тамырластығы басшылыққа алынып, ол түркі халықтарын біріктіруге бағытталған идеологияның дамуына үлес қосатыны анықталған. Түрікшілдік идеясы туралы көбінесе түркі халықтарынан шыққан тарихшылар мен қоғамтанушы ғалымдардың зерттеулерінде айтылады. Тарихшы Я. Ландау болса «негізгі мақсаты түркі халықтарының мәдени бірлігінің негізінде одақ құруға бағытталған қозғалыс» [3, 43 р.] деп сипаттады.

Бұған қарай отырып, Пантүркизм мен Түрікшілдік идеологиясының екеуінің де бағыты бір арнаға тоғысатынын көруге болады. Екеуі де мәдениет және тілдік, сондай-ақ дін Исламға негізделген рухани бірліктен туындаған. Тек өзіндік саяси айырмашылықтары болып, олар: Пантүркизм – Түркияда толықтай түрік

ұлтшылдығының басты идеологиясы болып, ол сонымен бірге түркі халықтарының басын қосуға бағытталса, Түрікшілдік – түркі халықтарын мәдени-тарихи тұрғыдан біріктіріп, олардың өзара ортақ интеграциясын нығайтуға бағытталды. Ғасырлар бойы алшақтанып кеткен мәдениет пен тарихты қайта жаңғыртып, соның негізінде жан-жақты байланыстарды дамыту болды.

Жоғарыда аталғандай, бұл уақытта түркі халықтарының ішінде тек Осман империясы ғана жеке-дара, тәуелсіз мемлекет болып, ол басқа түркі халықтарына түркі бірлігін нығайтуға көмектесті. Осы кезеңде Осман империясы экономикалық, саяси және мәдени жағынан артта қалып, империяда өте жай қарқынмен болса да құлдырау процесі жүріп жатты. Дегенмен, ол түркі халықтарын мәдени-рухани біріктіруші мемлекет болды. Қоғамдық өмірді реформалау қажеттілігі оның ұранымен трансформацияның барлық спектрін біріктіруге қабілетті қуатты идеологияны қалыптастыруды қажет етті. Сайып келгенде, түркі халықтарының басын біріктіріп, үлкен күшке айналдыру басшылыққа алынды. Осылайша, Осман империясында түркілік идеялардың пайда болуы негізінде түркі мемлекетін нығайту идеясы жатты [4, 44-48 с.]. Осман империясының идеологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, түркілік сипаттағы істеріне назар аударған жөн.

Түркілік идеялардың пайда болуы османдық жүйеге және мемлекеттегі династиялық-абсолюттік билікке қарсы пікірлер мен әрекеттердің пайда болуына алып келді. Осман империясының бастамасымен басталған Пантүркізмнің саяси алғышарттары бұл елде 1908 жылғы және 1918-1923 жылдардағы революциялар тудырған әулеттік басқаруға негізделген османшылдық пен исламдық идеологиясының құлдырауына алып келді. Сонымен, түркілік идеялар өзінің алдына келесі міндеттерді қойды: мемлекетті ұлттық идеямен нығайту, түріктердің ұлттық өзіндік сана-сезімін арттыру және ұлттық түрік мемлекетін құруға одан әрі қатысу. Түркілік идеологиясының мәдени алғышарттары түріктерді еуропалық мәдениетпен, атап айтқанда еуропалық ұлтшылдық идеяларымен, сонымен қатар білім мен мәдениет жүйесіндегі жаңалықтармен таныстыру болды.

Осылайша, XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясында басталған түбі бір түркілік және жалпы Пантүркізм идеясының пайда болуы жалпы түрікшілдік идеологиясының пайда болуының алдыңғы қадамдары болды. Түркілік идеологияны қолдаған Осман империясында орталық үкіметтің әлсіреуі және империяның саяси күйреуінің басталуы, «Шығыс мәселесінің» шиеленісуі нәтижесінде ұлтшыл қозғалыстардың дамуының логикалық салдары пайда болды. Түркілік идея мен Христиан халықтары арасында ұлтшылдық пен тәуелсіз ұлттық болмыс идеяларын тарату, бұрынғы Осман провинцияларынан Балқандағы тәуелді және жартылай тәуелсіз халықтардың мемлекеттердің құрылуымен қатар жүрді. Өз кезегінде бұл кезеңде Ресей империясының құрамындағы түркі халықтары арасында өзіндік сана-сезімнің пайда болып, оған елдің ішкі және сыртқы саясатына еуропалық державалардың белсенді араласуы ықпал етті. Айта кетерлігі – Ресей империясында да Осман империясындағы сияқты саяси өзгерістер жүріп жатты. Мұның барлығы кейіннен Ресейдегі түріктер мен Түркия түркілерінің жақындасуына жағдай жасады және осы бір түркілік идеяның дамуын көрсетті [5, 95-99 с.].

Түркілік идеясының тез таралуының келесі бір ерекшелігі – бұл идеяның жастар арасында тез және жылдам таралуы болды. Түркі халықтарынан шыққан жастар, өзінің сыртқы ойлау көзқарасының басты бір бағыты ретінде осы түркіліктің негіздерін басшылыққа алды. Осман империясында түркіліктің қағидалары тез тарады және ол өзге түркі халықтарына таратылды. Себебі, Түркияда мұны таратып, дамытатындай мүмкіндік көп болды. Бұл идея тарағаннан кейін, оны қолдайтындардың қатарына жаңа мүшелерді тарту бойынша белсенді жұмыс басталды, ал пантүркішілдер өз жұмыстарында халықтың өмірін ең жақсы қабылдайтын және белсенді бөлігі болып табылатын жастар ортасына ерекше назар аударды. Түркішілдіктің негізгі идеологтары саналған А. Хусейнзаде, Ю. Акчура, З. Гөкалп және басқалар Осман империясының жоғары оқу орындарында оқытушылар болып жұмыс істеді, олар студенттерді түркілік рухта тәрбиеледі.

Түркілікті дамыту мақсатында ЖОО мен орта мектептерде ұстаздар тарапынан түркілік мәдениет пен бірлік тақырыптарында дәріс оқып, жастарды түркілікке үгіттеді. Осындай ауқымды үгіт-насихаттың арқасында сұлтан II Абдулхамидтің кезінде басты басымдылық берілген панисламистік бағыт енді пантүркістік және тұраншылық идеологтарының жағына қарай ауысты. Жалпы, түркілік мәдениет пен бірліктің негізгі кілті ретінде Исламистік діни ұстанымдар да өз жемісін берді деп айтуға толық негіз бар. Айта кетерлігі, сұлтан II Абдулхамидтің кезінде де басталған түркі халықтарын жақындастыру жұмыстары аз болған жоқ. Бұл кезде жалпы мұсылмандық ұстаным басшылыққа алынатын еді. Өйткені, оның ішінде ауғандар, тәжіктер, пуштундар және басқа да түркі емес мұсылман халықтары болды. Ендігі кезекте, тек түркілік мәдениет басшылыққа алынып, бағдарламалық жасақтама көбінесе түркілік идеяны қолдаушыларға өтті [6, 209-211 с.].

Бұл кезең Осман мемлекетінде Конституция кезеңі деп аталып, бас-аяғы 20-25 жылдың ішінде екі рет Конституция қабылданды. Империя конституциялық монархияға айналып, сұлтан билігі шектелді. Ислам дініне негізделген діни құқықтық нормалардың орнына Конституцияға негізделген заңдар қабылданып, енді саяси құрылымда өзгерістер орын алды. Мемлекет пен халықтың атауы осман емес, түрік деген атаумен жазыла бастады. Бұл үшін әрине түрік ұлтының қайдан шыққанын көрсететін тарих пен идеология керек болды. Түрік ұлтының түркі халықтарының бір бөлігі екендігі басшылыққа алынып, енді түркілерміз, түбіміз түркі және түрік ұлтымыз деген ұрандар қабылданды. Мұны халық санасына сіңіру және әлемге мойындату үшін Пантүркізм идеологиясы жүргізілді. Осылайша, Осман империясы өзінің түркілік мәдениет пен өркениеттің бір бөлшегі екенін көрсетіп, оны уақыты келгенде толықтай мойындап, түркі бірлігінің идеяларын алға тартты.

Қоғамдық-мәдени идеологияның бұл түрі жастардың идеологиялық жұмыстарға белсенді қатысуымен, олардың ұтқырлығының жоғары деңгейімен және Осман империясының саяси жүйесінде пантүркішілдік гегемониясы үшін шешуші күреске дайын болуымен түсіндіріледі. Айта кетерлігі, түркілік мәдениет пен оған негізделген идеологияны жүргізуде татар ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің үлесі зор болды [7, 167-

168.]. Солардың бірі, Ресейде және Түркияда Пантүркизмнің алғашқы идеологтарының қатарында саналатын Юсуф Акчура болды. Оның ең негізгі қызметтерінің бірі – әлсіреп, құлағалы тұрған Осман империясын құтқару үшін жаңа ұлттық идеологиялық доктринаны ұсынды. Бұл жерде ең маңызды мәселе түрік ұлтының ұлттық идеологиясы және оның түркілік идеологиямен байланысы болды. Осы тұста ол Түркияда ұлттық идеологияның негізгі үш нұсқасын ұсынды. Олар – Пантүркизм, Панисламизм және Османизм идеологиясы болды.

Юсуф Акчураның және басқа да түркиялық және ресейлік түрікшіл идеологтары мұның бәріне талдау жасай келе, Пантүркизм (пантүркішілдік) идеологиясының Панисламизм мен османшылдық идеяларынан басым екендігін алға тартты. Бұл туралы оның 1904 жылы «Басқарудың үш түрі» атты мақаласы жарияланып, ол Пантүркизмнің басымдылықтарын көрсетеді және бұл жарияланған шығарма түрікшіліктің басты құралына айналды. Қысқаша айтқанда, автор Осман империясының саяси өміріне мәдени, саяси, идеологиялық талдау жасай отырып Осман империясындағы жергілікті халықтардың өзара араласуы мен бірігуі негізінде этностық негіздегі саяси түрік ұлтының қалыптасуы қажеттігін ұсынды. Ал оны қабылдау мен ұлттық идеологияның басты қайнар көзі түркі халықтарының мәдени, рухани, тарихи тамырластығы мен байланыстарын басшылыққа алу қажеттігі нақты көрсетілді. Бұл кезде сұлтан II Абдулхамит әлі де болса билікті қолында ұстап отырды [8, 286-287 с.]. Ол билікте 1908 жылға дейін отырды.

Осы бағыттардың әрқайсысын талдай отырып, Юсуф Акчура олардың әрқайсысында түркі халықтары үшін саяси орындылығы мен пайдалылығын анықтауға тырысады. Расында да бұл кезде этникалық принципке негізделген түрік саяси ұлтын құру идеясы мүлдем жаңа қоғамдық пікірлердің жемісі болды. Мұндай идея Осман мемлекетінің тарихында бұрыннан қозғалып келе жатқан қоғамдық идеялардың бірі болып, оған Юсуф Акчураның идеясы ықпал етті. Түркілік идеяға негізделген рухани-мәдени қоғамдық пікірлер Осман империясының, басқаша айтқанда жаңарған Түркияның ұлттық идеологиясын анықтап берді. Осылайша, түркі халықтарының біріктіру идеясы Осман мемлекеті халқының «түрік» деген атауды ресми түрде толықтай иеленудің келесі жаңа жолдары ашылды. [9, 120-126 с.].

Бұған қарай отырып, XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған Осман империясының түркі халықтарымен мәдени-рухани жақындасуының осындай түркілік идеологияның тууына ықпал етіп, тіпті Осман мемлекетінің халқының түрік деп аталуына да септігін тигізді. Айта кетерлігі, батыста жарияланған еңбектерде Осман империясы «Түркия» деп аталып, оның халқы «түріктер» деп аталып қойған еді. Біз көрсетіп отырған факторлар оны одан сайын нықтай түсті. Өзін түркі халықтарының бөлшегі саналған Осман мемлекеті үшін бұл үлкен жаңалық болды және ол түркі халықтарының бірлігі идеясын одан сайын дамытуға септігін тигізді. Жалпы, Осман империясы түркі бірлігін ілгеріден қолдап, жоғарыда аталғандай оған өзі дем беріп, сонымен бірге өздерін түркі халықтарының «лидері» санады. Осман империясының ілгеріден келе жатқан бүкіл түркі халықтарын саяси тұрғыдан біріктіру идеясы жүзеге асқандай болды. Пантүркизм идеясы орындалғандай болды.

Осман империясында пантүркистік сипаттағы саясат орын алып, оның арқасында Осман империясында өмір сүрген барлық түріктер этникалық және діни шекаралар шеңберінде оңай топтаса алды, ал басқа мұсылман түркі емес, бірақ түрікшіл топтар өзара сіңісу (ассимиляция) жалғастыра алды. Ассимиляцияға ұшырамаған, бірақ сонымен бірге ұлттық бірегейлікті сезінбеген халықтар осы саясат аясында толығымен ассимиляцияға ұшырады. Мұндай саясаттың басты артықшылығы – бұл Азияда және Еуропаның шығыс аймақтарында тұратын және біртұтас тіл, этностық және дінмен біріктірілген барлық түріктерді біріктіретіндігінде» еді. Юсуф Акчура түркі ұлтшылдығы мен пантүркистік идеяларды қолдауда халықтар арасындағы мәдени бірлікке назар аударды.

Сол сияқты түркі халықтарының мәдени және рухани бірлігінің Пантүркішілдіктің одан әрі өркендеуінде Зия Гөкалптың еңбегі өте маңызды болды. Зия Гөкалп (1876-1924) - ақын, тарихшы, саясаткер. Оның маңызды теориялық жұмысы - «Түріктендіру, исламдандыру, модернизациялау» деп аталып, ол 1918 жылы Стамбулда басылып шықты. З. Гөкалптың ұлттық проблемаларға қатысты протекционизмінің қалыптасуында революцияшыл саясаткерлер мен ойшылдардың жұмысы үлкен әсер етті. 1896 жылдан бастап Стамбулда тұратын болашақ саясаткер сұлтанның тәртібін құлату жолында демократиялық конституция идеяларын қолдады. 1908 жылы Гөкалп «Бірлік пен прогресс» партиясының съезіне қатысу үшін Салоники қаласына шақырылып, оның орталық комитетіне сайланды. Ол 1918 жылы таратылғанға дейін осы партияда болды. Балқан соғысы мен бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Гөкалп әр түрлі әлеуметтік, құқықтық және мәдени мәселелермен айналысып, өте белсенді болды [10, 5-7 с.]. З. Гөкалптың саяси көзқарастары оның көптеген еуропалықтардың, ең алдымен француз философтары мен әлеуметтанушыларының мұраларын терең зерттеуі негізінде қалыптасты. Оның ойында түркілік идеялары біріктіруші фактор ретінде ұзақ уақыт қалыптасты. З. Гөкалптың пікірінше, түріктер үшін тіл ең маңызды интеграциялық фактор болуы керек және ол тілдік тәуелсіздікті саяси тәуелсіздіктің басты шарты ретінде қарастырды. Ұлттық мемлекеттегі тіл модернизациялануы керек, негізсіз жат ықпалдан тазартылуы керек [11, 22-25 с.].

Қорыта айтқанда XIX ғасырдың соңғы ширегінде басталып, XX ғасырдың басына дейін созылған түркі халықтарының рухани-мәдени бірлігі идеясынан туған философиялық көзқарастар мен ұстанымдар олардың бірігуіне бастама болды. Осман империясы мен Орта Азия түркілерінің арасындағы Рухани және мәдени жақындастық Түркияда түркілік идеяға негізделген ұлттық идеологияны қалыптастырды. Сонымен қатар, Түркияның бастамасымен Ресей империясындағы түркі халықтарының идеологиялық бірлігін қамтамасыз етуге септігін тигізді. Идеологиялық үдеріс шеңберінде Пантүркизмнің кейінірек осы секілді өзге де идеологиялық ағымдармен бірге жүзеге асырған бірқатар нақты құралдарды қолданғанын атап өткен жөн. Пантүркизм идеологиясы XIX-XX ғасырларда түркі халықтарының арасында саяси-әлеуметтік интеграцияның күшеюіне де ықпал етті. Бұл кезеңде Орталық Азиядағы түркі халықтары Ресей империясының бодандығына қарсы көтеріле

бастаған тұста мұндай интеграциялық процестер өзінің ықпалын тигізе алды. Түркі халықтары бірлесіп, сыртқы күштерге қарсы күресудің алғышарттары қалыптасты. Бауырмалдық пен нағыз рухани-мәдени бірліктің негізгі аспектілері қалыптасып, Пантүркизм түркі халықтарының мәдени-рухани бірлігінен туған үлкен идеялардың жиынтығы ретінде тарихта қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Charles Warren Hostler. *The Turks of Central Asia*. – Westport: Praeger. 1993. – 237 p.
2. Сулейманова С.Ю. Зарождение идеологии тюркизма на стыке XIX-XX вв. // *Science Review* (7), Vol.5, December 2017. – С.52-57.
3. Jacob M. Landau, *Pan-Turkism in Turkey: A Study of Irredentism*. – London: C. Hurst, 1981 – 219 p.
4. Зареванд. *Турция и пантуранизм / Зареванд; введ. А.Н. Мандельштама*. – Москва: Ключ-С, 2015. – 176 с.
5. Еремеев Д. Е. *История турецкой общественной мысли XI-XXI веков / Д.Е. Еремеев - М.: Квадрига, 2016 - 320 с.*
6. Васильева С.А. *Влияние пантюркизма на идеологический процесс в Турецкой республике. // Теория и практика общественного развития*. – 2012, – № 3, – С. 208-212
7. Жораева Г.Т. *XX ғасырдың бас кезіндегі татар зиялыларының біртұтас мұсылман мемлекетін құрудағы түрікшілдік идеясы. // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы*. – №2 (89). – 2018. – Б. 166-171.
8. Ергобек Ш., Алтаева К.Ж. *Соотношение понятий Пантюркизм, Панисламизм и Джадидизм. // Доклады НАН РК*. – 2015. – №3. – С. 284-287
9. Мухамметдинов Р.Ф. *Зарождение и эволюция тюркизма*. – Казань: Изд-во Заман, 1996. – 272 с.
10. Мухамметдинов Р.Ф. *Юсуф Акчура и Зия Гекалп: Формирование идеологии тюркизма (70-е годы XIX века - 30-е годы XX века). / Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Казань, 1996. – 28 с.*
11. Gökalp Z. *Turkculugun esaslari*. – İstanbul: Ötüken. – 254 s.